

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



**2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай
бойынша
Пресс – релиз № 221**

**Қазақстан Республикасының банк секторы 2-
бетте**

**Қазақстан Республикасының сақтандыру
нарығы 6-бетте**

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 8-бетте


Бағалы қағаздар нарығы 10-бетте

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін
жүзеге асыратын ұйымдары 11-бетте**


**Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың
мүдделерін қорғау 12-бетте**

* - Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді


Сақтандыру секторы



Банк секторы



ЖЗҚ номиналды кірістердің зейнетақы активтері және коэффициентінің арақатынасы



2010 жылғы 1 тамызындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері

(млрд. тенге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қорлары	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	11 845,8	82,6	332,8	121,4
Жиынтық міндеттемелер	12 343,7	6,8	139,6	87,9
Меншікті капитал	-497,9	75,8	193,2	33,5

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректері бойынша)

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банктерге ұсынылған


1 тамыздағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері 2010 жылы 116,5 млрд.теңгеге немесе 1,0% төмендеп 11 848,8 млрд.теңге болды.

Банк секторының жиынтық есептік меншікті капиталы 1 тамызда (- 385,9) млрд. теңге болды. («БТА Банк» АҚ және "ТЕМІРБАНК" АҚ есептемегенде жиынтық есептік меншікті капиталы 1 463,6 млрд. теңге құрады).


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтерінің 39,8% немесе 4 716,9 млрд. теңге болды.

Банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) 1 тамыздағы жағдай бойынша 2010 жылғы шілдеде 32,7 млрд.теңгеге немесе 0,4% кеміп, 9 091,7 млрд.теңге болды. Бұл ретте ҚР резидент еместерінің заемдары ағымдағы жылдың 1 тамызда несиелік портфелінің 1 499,4 млрд.теңге немесе 16,5% болды (1.01.2010ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд.теңге немесе 18,1%). 1 шілдедегі жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 54,3% немесе 4 933,5 млрд. теңге болды.

Активтер, міндеттеме және есептік меншікті капитал



Банктердің несиелік портфелі




1.08.2010ж. екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша оның ішінде Қазақстан Республикасының резидент еместеріне берілген заемдары бойынша ақпарат

млрд. теңге

№	Банктің атауы	Несие портфелі	ҚР резидент еместердің заемдары	Банк жүйесі бойынша ҚР резидент еместерінің жиынтық заемдарындағы банктің ҚР резидент еместеріне берілген	Несие портфеліндегі ҚР резидент еместерінің заемдар үлесі %
1	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 334,2	265,4	17,7	11,4
2	"БТА Банк" АҚ	1 895,5	1 057,2	70,5	55,8
3	«Қазақстанның халық банкі» АҚ	1 206,1	86,3	5,8	7,2
4	"АТФБанк" АҚ	809,9	14,1	0,9	1,7
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	707,3	24,7	1,6	3,5
6	"Альянс Банк" АҚ	530,7	17,1	1,1	3,2
7	"KASPI BANK" АҚ	262,0	0,0	0,0	0,0
8	"ТЕМІРБАНК" АҚ - "БТА БАНК" ЕҰ АҚ	250,5	2,3	0,2	0,9
9	"Нұрбанк" АҚ	227,1	9,8	0,7	4,3
10	"Евразиялық банк" АҚ	193,8	17,7	1,2	9,2
11	"Ресей жинақ банкі" ЕБ АҚ	131,2	0,0	0,0	0,0
12	"Цеснабанк" АҚ	119,5	2,1	0,1	1,7

13	"HSBC БАНК КАЗАХСТАН" ЕБ АҚ	66,9	0,4	0,0	0,6
14	"ЭКСИМБАНК КАЗАХСТАН" АҚ	59,6	-	-	-
15	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	56,8	-	-	-
16	"Казинвестбанк" АҚ	53,2	0,0	0,0	0,1
17	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	46,2	0,2	0,0	0,3
18	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	40,6	0,7	0,0	1,7
19	"Delta Bank" АҚ	26,4	-	-	-
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ АҚ	17,9	0,2	0,0	0,9
21	"Банк "Астана-финанс" АҚ	11,3	-	-	-
22	"Хоум Кредит Банк" АҚ	7,8	0,0	0,0	0,5
23	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	5,3	-	-	-
24	"КЗИ БАНК" ЕҰ» АҚ	4,2	0,6	0,0	13,6
25	"Заман-Банк" АҚ	3,9	-	-	-
26	"Банк Позитив Казахстан" АҚ	3,4	0,1	0,0	1,7
27	"Банк Kassa Nova" АҚ	3,4	-	-	-
28	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	3,3	-	-	-
29	"Сенім-Банк" АҚ	2,7	-	-	-
30	"Мастербанк" АҚ	2,0	0,2	0,0	10,0
31	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕҰ АҚ	2,0	-	-	-
32	"Казинкомбанк" АҚ	1,6	-	-	-
33	«Қазақстандағы "Пәкістанның ҰБ" ЕҰ АҚ	1,6	0,1	0,0	5,4
34	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНК" АҚ	1,2	0,0	0,0	0,4
35	Банк ВТБ (Қазақстан) ЕҰ АҚ	1,2	-	-	-
36	"Данабанк" АҚ	0,8	-	-	-
37	" Алматы қ ТПБ Қытай" АҚ	0,3	0,3	0,0	100,0
38	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	0,0	0,0	0,0	15,5
39	"Ислам Банкі "Al Hilal" АҚ	-	-	-	-
	Барлығы	9 091,7	1 499,4	100,0	16,5

1 тамыздағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 25,5%, күмәнді – 47,5%, үмітсіздер – 27,0 (міндеттемелерді¹ қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданған банктерді ескерусіз үмітсіз кредиттердің үлесі – 10,3%) болды, 5 санаттағы күмәнді және үмітсіз заемдарға жататын кредиттер сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)² жиынтық несие портфелінің 3 113,4 млрд. теңге немесе 34,2% болды ((міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданатын банктерді ескермегенде, осы көрсеткіш жиынтық несие портфелінің 1 246,1 млрд. теңге немесе 17,9% болды).



¹ «БТА Банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ міндеттемелерді қайта құрылымдауда, Агенттік Басқармасының ««Альянс Банк» Акционерлік қоғамының мәселелері жөніндегі» 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 54 қаулысына сәйкес «Альянс Банк» АҚ қайта құрылымдау міндеттемелерін аяқтады;

² Біртекті кредиттер портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты жасалған провизиялар қосындысы ретінде ескеріледі.

Ағымдағы жылдың 1 тамыздағы төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі ұзартылған берешегі бар заемдар 2 343,2 млрд.теңге немесе банктердің несиелік портфелінің 25,8% болды (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешімі қабылданатын банктерді ескермегенде, осы көрсеткіш жиынтық несиелік портфелінің 1 133,1 млрд.теңге немесе 17,7% болды).

1 тамыздағы бойынша заемдар бойынша провизиялар (резервтер) көлемі 3 177,6 млрд. теңге немесе кредиттік портфелінің 35,0% болды.

1 тамыздағы жағдай бойынша экономика саласының бөлігіндегі (жеке тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді есептемегенде) заемдар 2010 жылғы шілдеде 29,0 млрд. теңгеге немесе 0,4% азайып, 6 984,3 млрд. теңге болды. Сонымен бірге, экономикада заемдар құрылымында салалар бойынша үлесі: құрылыста – 26,6%; сауда-сатықта – 26,3%; өндірістік емес салада – 24,0%; өнеркәсіпте – 15,1%; ауыл шаруашылықта – 4,3%; көлікте – 2,7%; жеке қызметте – 0,8%; байланыста – 0,7% болды.

1 тамыздағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 12 343,7 млрд. теңге болды. Оның ішінде ҚР резидент еместері алдында міндеттемелері 2010 жылғы шілдеде 14,8 млрд. теңгеге немесе 0,4% төмендеп 3 368,7 млрд. теңге болды. ҚР резиденті еместері алдындағы міндеттемелердің үлесі ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 27,3% (жыл басында осы көрсеткіш 33,6% болды).

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 48,8% немесе 6 019,0 млрд. теңге болды.

1 тамыздағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалардың (банктерді қоспағанда) депозиттерінің жалпы сомасы 2010 жылғы шілдеде 1,8 өсіп 7 672,1 млрд. теңге болды. Заңды тұлғалардың (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының сомасын қоспағанда) салымдарының сомасы бір жылда 4 729,2 млрд.теңге (салымдардың жалпы сомасының 61,6%) болды. Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдары 2010 жылғы


2010 жылғы 1 тамыздағы заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдардың құрылымы

млрд. теңге				
Атауы	Барлығы	Несие портфеліндегі үлесі, %	Арнайы провизиялар	Заемдардан түскен үлесі, %
Заңды тұлғаларға берілген заемдар	5 917,8	65,1	2 311,4	39,1
Жеке тұлғалар банк заемдары, оның ішінде	1 796,1	19,8	417,2	23,2
Тұтынушы мақсаттарға	774,0	8,5	197,4	25,5
Құрылысқа және тұрғын үйді сатып алуға (ипотекалық тұрғын үй заемдарын қоспағанда)	840,9	9,2	170,5	20,3
ипотекалық тұрғын үй заемдары	745,4	8,2	146,7	19,7
автокөлікті сатып алуға	47,1	0,5	10,9	23,1
басқа банк заемдарын	134,2	1,5	38,4	28,6
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	1 239,3	13,6	401,2	32,4
Несие портфелі	9 091,7	100,0	3 177,6	35,0

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша өтелгенге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша ЕДБ, ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер

млрд. теңге	
Атауы	Сомасы
талап ету бойынша	208,5
1 айға дейін	585,7
1 айдан бастап 3 айға дейін	81,0
3 айдан бастап 6 айға дейін	66,8
6 айдан бастап 1 жылға дейін	169,0
1 жылдан бастап 2 жылға дейін	400,7
2 жастан бастап 3 жасқа дейін	282,7
3 жастан бастап 5 жасқа дейін	488,3
5 жастан астам	1 059,7
Қаржылық емес міндеттемелер	26,3
ҚР резидент емес алдындағы міндеттемелер	3 368,7

ЕДБ салымдары



шілдеде 14,3 млрд. теңгеге немесе 1,7% өсіп, 844,4 млрд. теңге болды. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы 2010 жылғы шілдеде 57,4 млрд. теңгеге өсіп 2 098,5 млрд. теңге (салымдарының жалпы сомасының 27,4%) болды. 1 тамыздағы жағдай бойынша шетел валютада номинирленген клиенттердің салымдары клиенттердің жиынтық салымдарының (арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдары салымдарының есептемегенде) 41,0% немесе 2 802,2 млрд. теңге болды.

1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне жоғары өтімді активтерінің үлесі 24,7% болды.

Екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 1 тамызда 2 439,2 млрд.теңге болды. Шығыстар сомасы – 2115,5 млрд. теңге (есепті күнге 5,2 млрд. теңге құраған табыс салығын есептемегенде). Банктердің шығыны 1 тамызда - 318,5 млрд. теңге болды.

Шілдеде банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге 4 жазбаша ұйғарым, 10 жазбаша-міндеттеме, 1 жазбаша Келісім жасалды. 6 жазбаша ескерту шығарылды.

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сот шешімімен 2 банк мәжбүрлеп тарату барысында ("Валют-Транзит Банк" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ).

2010 жылғы 15 шілдеде өткен Агенттік Басқармасының отырысында екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттеу туралы мынадай:

- «Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемелері мен нормативтік мәнін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есеп берудің нысандары мен мерзімін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 44 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

- «Екінші деңгейдегі банктердің олармен айрықша қатынаста болатын тұлғалармен жасаған мәмілелері туралы ақпаратты ұсыну нысандарын бекіту туралы» қаулы қабылдады.

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ* (алдын ала деректері бойынша)

2010 жылғы 1 тамызда Агенттік берген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 40 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді, сонымен өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыратын лицензиясы 7 ұйымда бар, АҚЖ көлік құралдары иелерінің міндетті сақтандыру бойынша – 27 ұйымда бар. Сондай-ақ сақтандыру қызмет көрсету нарығында 14 сақтандыру брокерлер және 63 актуарийлер өз қызметін жүзеге асырады.

2010 жылғы 7 ай кезеңде сақтандыру ұйымының жиынтық активтері 11,9% өсіп 1 тамызда 332,8 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 7,0% өсті және 193,2 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтер сомасы 121,5 млрд. теңге болды.

1 тамыздағы жағдай бойынша тікелей сақтандыру шарты бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақының көлемі 85,1 млрд. теңгені құрап, 2009 жылғы ұқсас көрсеткіштерден 31,7% көп екенін көрсетті. Оның ішінде міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақының көлемі 19,8 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 25,3% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 19,4 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 57,7% өсуі), ерікті мүлдік сақтандыру бойынша – 45,9 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 26,1% өсуі) болды

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 тамызда 9,0 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 95,7% өсуі), ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандыру үлесі (2009 жылғы 1 маусымда 7,1% болды) 10,6% болды.



1 тамыздағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 41,9 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 49,2% болды, бұл ретте ҚР резидент еместеріне сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 45,0% қайта сақтандыруға берілді (2009ж. 1 тамыздағы ҚР резидент еместеріне қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 54,8%).

2010 жылғы 7 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерінің көлемі 13,6 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 8,7% төмен. Оның ішінде сақтандыру төлемдерінің міндетті сақтандыру бойынша 5,2 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда, 15,6% өсуі), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 6,8 млрд. теңге (өткен жылғы ұқсас күнімен салыстырғанда 54,5% өсуі) және ерікті мүлдік сақтандыру бойынша – 1,7 млрд. теңге (72,1% төмендеуі) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 30 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Шілдеде сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнама бұзушылығын болдырмау мақсатында Агенттік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына 7 жазбаша ұйғарым, 15 хат-міндеттемелер, 1 жазбаша ескерту жіберілді.

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 5 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ("Валют-Транзит Полис" СК" АҚ, "Валют-Транзит Life" КСЖ" АҚ және «Алтын Полис» СК» АҚ,



«НАСКО-Қазақстан» МСК» және «Premier Сақтандыру» АҚ) мәжбүрлеп тарату барысында, 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ерікті тарату барысында («Темір Ат» СК» АҚ)

2010 жылғы шілдеде өткен Агенттік Басқармасының сақтандыру қызметін реттеу бойынша отырысында мынадай бірқатар:

- «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты сипаттайтын коэффициенттерін есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 83 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»

- «Аннуитетті сақтандыру бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулылар қабылдады

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ (алдын ала деректері бойынша)

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары жұмыс істейді, олардың республика аймақтарында 75 филиалдары және 49 өкілдіктері бар.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, оның ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялары бар. Маусымда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиялар жинақтаушы зейнетақы қорларға берілген жоқ.

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 2 048,8 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасымен 7 838 873 болды. Шілдеде міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 14 914 өсті (0,2%), жинақталған зейнетақы қаражаттар 34,3 млрд. теңгеге (1,7%) өсті.

2010 жылғы 1 тамыздағы бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 017 болды. Шілдеде ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 212 (0,5%) бірлікке төмендеді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны маусымда 2 бірлікке азайып, 2010 жылғы 1 тамызда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 92,2 млн. теңгемен 4 061 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы шілдеде 34,2 млрд. теңге (0,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 тамызда 2 054,0 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі маусымда 30,7 млрд. теңгеге (1,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 тамызда 1 658,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық сыйақыларды қоспағанда) маусымда 6,2 млрд. теңгеге (1,2%) өсіп, 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 509,6 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі желтоқсанда 0,1 пайыздық тармаққа төмендеп 2010 жылғы 1 тамызда 24,8% болды.


Зейнетақы төлемдері мен жинақтаушы зейнетақы қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 160,0 млрд. теңге болды.

Шілдеде қорлар алушыларға зейнетақы төлемдерін жалпы сомасы 4,3 млрд. теңгемен (2,7%) жүзеге асырды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару шілдеде 34,6 млрд. теңгеге (3,8%) 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 933,6 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылғы кезеңде (2005 жылғы шілде – 2010 жылғы шілде) 43,63% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 61,88%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 41,41%;

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы



- 3 жылғы кезеңде (2007 жылғы шілде – 2010 жылғы шілде) – 16,43% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 36,87%);

- 12 айға (2009 жылғы шілде – 2010 жылғы шілде)- 5,47% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 6,7%).

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 2 жазбаша ұйғарымдар жіберілді, 4 хат-міндеттемелер сұратылды және 3 жазбаша келісім жасалды.

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша соттың шешімімен 1 жинақтаушы зейнетақы қоры: «Валют – Транзит Қоры» ЖЗ» АҚ, «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ мәжбүрлеп тарату барысында (Алматы қаласы мамандандырылған аудан аралық экономикалық сотының 2010 жылғы 13 шілдедегі «Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ мәжбүрлеп тарату турала шешімін қабылдады, ол 2010 жылғы 29 шілдеден бастап заңды күшіне енді).

2010 жылғы шілдеде өткен Агенттік Басқармасының отырысында жинақтаушы зейнетақы қорларын реттеу мәселелері бойынша мынадай қаулы қабылданды:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі туралы» кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларының, ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтерді қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциальді реттеу туралы» нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

2010 жылғы 1 тамызда корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны қоғамның 2 179 болды. Сондай-ақ нарықта 81 брокер-дилерлер, 11 тіркеушілер, 10 банк-кастодиандар, 15 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдары (ЗАИБЖАҰ), 46 инвестициялық портфельді және 3 трансфер-агенттерді басқарушылар жұмыс істейді.

2010 жылғы шілдеде 86 акциялар шығарылымы (акция шығарылымдарын ескере отырып, олардың проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркелім туралы кәулігі ауыстырылған) тіркелді.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың шілдесінде жалпы номиналды құны 365 млн. теңге болатын 1 облигациялар шығарылымы тіркелді. Есепті айда облигациялық бағдарламалар тіркелмеді, осылайша, 2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қолданыстағы облигациялар бағдарламасының саны бұрынғыша жалпы номиналды құны 3 670,8 млрд.теңгемен 67 шығарылымдары болды. Сонымен қатар, есепті айда жалпы номиналды құны 118 млн. теңге, облигация 1 шығарылымы өтелді.


2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша айналыста мемлекеттік емес облигациялардың қолданыстағы шығарылымдар саны 385 болды, олардың номиналды құны 5 481,3 млрд. теңге болды.

Бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы инвестициялық пай қорларының саны 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 172 (132 – жабық, 15 - ашық және 25 аралық) болды. Сондай-ақ есепті күнге 35 акционерлік инвестициялық қорлары жұмыс істеуде.

KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының шығарылымдар саны 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 275 шығарылымдар, «Акциялар» секторы бойынша – 98 шығарылымдар және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым болды.

Бұдан басқа 2010 жылғы шілдеде «Қарағанды асбоцемент бұйымдарының зауыты» АҚ облигациялар бойынша дефолт жіберген, оларға мынадай: KZPC2CY05B806 ұлттық бірегейлендірілген нөмерлер берілген.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтерді 3 жазбаша ұйғарымдар, 3 хат-міндеттемелер жіберілді.



БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАРЫНЫҢ СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйымы және 9 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдары тіркелген.

Ағымдағы жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтер сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап - 41,1 млрд. теңге немесе 51,2% төмендеп 121,4 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 тамыздағы деректермен салыстырғанда жиынтық міндеттемелері 26,2 млрд. теңге немесе 42,5% өсіп және 87,9 млрд. теңге болды. Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 33,5 млрд. теңге болды.


Есепті күнге ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 81,8 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 тамыздағы көрсеткіштен 19,6% (13,4 млрд. теңге) төмен.

Ипотекалық ұйымының кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша стандарты кредиттер үлесі 86,3% болды, күмәнді – 5,9%, үмітсіз – 7,8%. (2009 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша стандарты кредиттердің үлесі 64,9%, күмәнді – 28,6%, үмітсіз – 6,5% болды).


2010 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы жеке

банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың мекенжайына 1 жазбаша ұйғарым жіберілді.

Қаржылық көрсеткіштер



Несие портфелі



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2010 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жеке және заңды тұлғалардан **292** өтініш келіп түсті, оның ішінде: **242** жазбаша өтініштер және Агенттіктің атына келіп түскен **17** өтініштер, Қазақстан Республикасы Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-палтформа) Агенттік Төрайымының атына келіп түскен **33** өтініштер, оның ішінде:

– **147** өтініш – екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 50,35%), 194 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 121 өтініштерді қосқанда) – 0 негізделген;

– **10** өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 3,43%), 10 қаралған өтініштердің өткен кезеңдерде келіп түскен 4 өтініштерді қосқанда – 0 негізделген;

– **30** өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне және қатысты (жалпы санының 10,27%), және 55 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 39 өтініштерді қосқанда) - 4 негізделген (қаралған жалпы санының 7,27 %);

– **8** өтініш – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 2,74%), 9 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 3 өтінішті қосқанда) - 0 негізделген;

– **22** өтініш – жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗҚ) (жалпы санының 7,53%), 23 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 14 өтінішті қосқанда) - 0 негізделген;

– **38** (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы өтінішпен ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен сұратулар (жалпы санының 13,01%);

– **37** Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 12,67%).

Екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштері және олардың 2010 жылғы шілдеде келіп түскен өтініштердің жалпы көлемінің үлес салмағы туралы мәліметтер төменде көрсетілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар) (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қарауға аяқталды	Есепті кезеңнің аяғында қарау үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторында келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	

<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>					
1	«Казкоммерцбанк» АҚ	30	20.42	13	17
2	«Альянс Банк» АҚ	23	15.66	15	8
3	«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ	18	12.24	9	9
4	«БТА Банк» АҚ	13	8.84	8	5
5	«Қазақстан халық банкі» АҚ	12	8.16	3	9
6	«АТФ Банк» АҚ	11	7.48	6	5
7	«Банк ЦентрКредит» АҚ	9	6.12	7	2
8	«Kaspi Bank» АҚ	9	6.12	2	7
9	«Цеснабанк» АҚ	6	4.08	4	2
10	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	5	3.40	3	2
11	«Еуразиялық банкі» АҚ	4	2.72	1	3
12	«Нұрбанк» АҚ	2	1.36	0	2
13	«Метрокомбанк» АҚ	1	0.68	0	1
14	««Астана-Финанс» банкі» АҚ	1	0.68	0	1
15	«Хоум Кредит Банк» АҚ	1	0.68	0	1
16	«Қазақстандағы Қытай банкі» АҚ ЕҰ	1	0.68	1	0
17	«Сбербанк России» АҚ	1	0.68	1	0
	Барлығы:	147	100 50.35*	73	74
<i>Банк операцияларының жекелеген ұйымдарын жүзеге асыратын ұйымдары</i>					
1	«БТА Банк» «БТА Ипотека» ЕИҰ АҚ» АҚ	5	50.00	4	1
2	«Аграрлы Кредитті корпорация» АҚ	2	20.00	0	2
3	«Астана-Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ	1	10.00	1	0
4	«Қазпошта»	1	10.00	0	1
5	««Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ	1	10.00	1	0
	Жиынтығы:	10	100 3.43*	6	4
<i>Сақтандыру нарығы</i>					
1	««Алтын Полис» СК» АҚ	8	26.66	6	2
2	«Premier Страхование» СК» АҚ	4	13.33	4	0
3	«Астана-Финанс» сақтандыру компаниясы» АҚ	3	10.00	0	3
4	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	2	6.68	2	0
5	«Атланта Полис» СК» АҚ	2	6.68	1	1
6	««Сая» СК» АҚ	2	6.68	0	2
7	««Казкоммерц -Life» ӨСК» АҚ	1	3.33	0	1
8	«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	1	3.33	1	0
9	"ЭкоПолис" СК» АҚ	1	3.33	0	1
10	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	1	3.33	0	1
11	««Amanat insurance» СК» АҚ	1	3.33	1	0

12	««Альянс Полис» СК» АҚ	1	3.33	0	1
13	«Дочерняя организация АО «Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «Нұрполис» СК» АҚ	1	3.33	0	1
14	««Виктория» СК» АҚ	1	3.33	0	1
15	«БТА Банкі Еншілес компаниясы «БТА Сақтандыру» АҚ	1	3.33	1	0
	Жиынтығы:	30	100	16	14
			10.27*		
Багалы қағаздар нарығы					
1	«Зерде» АҚ	1	12.5	1	0
2	«Береке» АИПҚ	1	12.5	1	0
3	«Баян-Сұлу» АТАҚ	1	12.5	0	1
4	«Алматытеплокоммунэнерго» АҚ	1	12.5	1	0
5	«Алматинский Фонд Недвижимости» АТАҚ	1	12.5	0	1
6	«Евроазиатская энергетическая корпорация» АҚ	1	12.5	0	1
7	«Маман-специалист» АҚ	1	12.5	1	0
8	«Альянс Трейдинг Финанс» АҚ	1	12.5	1	0
	Жиынтығы:	8	100	5	3
			2.74*		
Жинақ таушы зейнетақы жүйесі					
1	««РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	5	22.72	3	2
2	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	4	18.18	1	3
3	"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	4	18.18	0	4
4	"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	2	9.09	2	0
5	«Қазақстан халық банкі» ЖЗҚ» АҚ	2	9.09	1	1
6	«ГРАНТУМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	2	9.09	0	2
7	"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1	4.55	1	0
8	"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН" жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1	4.55	0	1
9	«Капитал» ЖЗҚ- «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	1	4.55	1	0
	Жиынтығы:	22	100	9	13
			7.53*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	217	74.32*	109	108

*- жалпы келіп түскен өтініштер санының сектордың үлес салмағы

** - өтініштердің барлығы негізделген болып табылмайды

Банк секторы

2010 жылғы шілдеде Агенттікке банк қызметінің мәселелері бойынша 147 өтініш келіп түсті. Халықтар үшін мына мәселелер көкейкесті болып табылады:

Заемдарды қайта құрылымдау, оның ішінде заемдарды өтеу бойынша мерзімін кейінгіге қалдыру, азайту жағына ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкаларын және заемдар бойынша өсімпұлды азайту және болдырмауды қайта қарау;

заемдарды қаржыландыру;

кепіл мүлігін соттан тыс іске асыру;

өсімпұл есептелген заемдар бойынша ай сайынғы төлемді есептеу дұрыстығын тексеру;

төлем карталары арқылы төлемдер мен аударымдар.

Жоғарыда көрсетілген барлық және өзге жеке және заңды тұлғалардың сұратулары бойынша тиісті түсініктемелер берілді.

Есепті кезеңде, Агенттіктің сұрауына дер кезінде және толық емес ақпарат бермегені үшін «БТА Банк» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ **жазбаша ескерту** шығару түрінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданды

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2010 жылғы шілдеде банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметі мәселесі бойынша Агенттікке 10 өтініш келіп түсті.

Сақтандыру нарығы

2010 жылғы шілдеде сақтандыру мәселесі бойынша Агенттікке 30 өтініш келіп түсті.

Бұл ретте:

- міндетті сақтандыру бойынша – 18 өтініш;
- ерікті сақтандыру бойынша – 3 өтініш;
- сақтандыру сыныбы көрсетілмеген – 9 өтініш.

Өтініштердің негізгі бөлігі жүзеге асырмау, сақтандыру ұйымы сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін уақтылы емес және толық көлемде жүзеге асырмау мәселелеріне қатысты.

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарау қорытындысы бойынша Агенттік өз қызметінде мынадай бұзушылықтарды анықтады:

«Номад Иншуранс» СК» АҚ

- сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін дұрыс есептемеу түрінде білінген ҚР «Көлік құралдарының иелерін міндетті түрде азаматтық-құқықтық сақтандыру туралы» Заңының 19 бабының талаптары бұзылған, осыған байланысты заңнамамен көзделген ықпал ету шаралары қолдану туралы мәселе қарастырылады;

«Атланта Полис» СК» АҚ

- сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған, осыған байланысты заңнамамен көзделген ықпал ету шаралары қолдану туралы мәселе қарастырылады;

«Мұнай сақтандыру компаниясы» СК» АҚ

- сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған, осыған байланысты заңнамамен көзделген ықпал ету шаралары қолдану туралы мәселе қарастырылады;

- сақтандыру төлемдері толық көлемде жүзеге асырылмаған, осыған байланысты заңнамамен көзделген ықпал ету шаралары қолдану туралы мәселе қарастырылады;

Алдыңғы есепті кезеңде Агенттік жеке тұлғалардың шағымдарын қарастырудың нәтижелері бойынша «Атланта Полис» СК» АҚ қызметінде пайда алушыға және/немесе сақтандырушыға жетіспейтін құжаттар туралы хабар беру тәртібінде бұзушылықтар анықталған, ол сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімдерінде білінген, осыған байланысты сақтандыру ұйымына жазбаша міндеттемені талап ету түріндегі ықпал ету шаралары қолданылды..

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы шілдеде Агенттікке бағалы қағаздар нарығының мәселесі бойынша 8 өтініш келіп түсті.

Өтініштер қолданыстағы заңнаманы түсіндіруді, дивидендтерді есептеу және төлемеу тәртібін және купондық облигациялар бойынша сыйақыны алуға қатысты.

Жинақтаушы зейнетақы қоры

2010 жылғы шілдеде ЖЗҚ қызметіне қатысты Агенттікке 22 өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралатын шағымдардың және өтініштердің маңызды бөлігі мынадай мәселелерге қатысты:

- зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартын жасамай салымшының ерік білдірусіз жинақталған зейнетақы қаражаттарын аудару;
- бір қордан екінші қорға аудару нәтижесінде зейнетақы қаражаттарын азаю;
- зейнетақы қаражаттардан бас тарту.

Жоғарыда көрсетілген барлық сұратулар және жеке және заңды тұлғалардың өзге сұратулар бойынша тиісті түсініктемелер берілді.

Алдыңғы есепті кезеңде Агенттік жеке тұлғалардың шағымдарын қарастырудың нәтижелері бойынша:

«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ қызметінде Қордың салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын есептегені үшін банк қызметтерін төлемеуі түріндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 661 Қаулысымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ережесінің 13 тармағын бұзуы анықталған.